

Банкаралық клирингті жүзеге асыратын клиринг ұйымдарының күнделікті есеп жасау және беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 3 шілдедегі N 158 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 24 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 907. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 266 Қаулысымен

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту: Бұйрықтың атауындағы және одан әрі мәтін бойынша "палаталары", "палаталарының" деген сөздер тиісінше "ұйымдары", "ұйымдарының" деген сөздермен ауыстырылды;

атауына өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 123 қаулысымен , 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы төлем жүйесінің жұмысына тиісті түрде бақылау жасауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қ а у л ы е т е д і :

1. Банкаралық клирингті жүзеге асыратын клиринг ұйымдарының күнделікті есеп жасау және беру ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне е н г і з і л с і н .

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен .

2. Заң департаменті (Сизова С.И.) Төлем жүйесі басқармасымен (Мұсаев Р.Н.) бірлесіп осы қаулыны және Клиринг ұйымдарының күнделікті есеп жасау және беру ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден ө т к і з с і н .

3. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны және Клиринг ұйымдарының күнделікті есеп жасау және беру ережесін клиринг ұйымдарына жіберсін.

4. Ақпарат технологиясы департаменті (Поликарпов О.Ю.) 1999 жылдың III тоқсанында Төлем жүйесі басқармасына орнатылған "Клиринг статистикасы"

бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысын қайта пысықтайтын болсын.

5. Бюджетті жоспарлау және бақылау басқармасы (Ғалиева Д.Т.) Ақпарат технологиясы департаментімен (Поликарпов О.Ю.) бірлесіп 1999 жылдың бірінші жартысындағы жұмыс нәтижелері бойынша түзету енгізгенде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1999 жылғы бюджетінен (шығыстар сметасынан) тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысын әзірлеуге қажетті ақша қарастырсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ.Абдулинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
1 9 9 9 ж ы л ғ ы 3 ш і л д е д е г і
N 1 5 8 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

Банкаралық клирингті жүзеге асыратын клиринг ұйымдарының күнделікті есеп жасау және беру ережесі

Ескерту: Ереженің атауындағы және одан әрі мәтін бойынша "палаталары", "палатасы", "палатасының", "палатасына", "палатасын", "палаталарының" деген сөздер тиісінше "ұйымдары", "ұйымы", "ұйымының", "ұйымына", "ұйымын", "ұйымдарының" деген сөздермен ауыстырылды;

атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 123 қаулысымен, 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже клиринг ұйымдарының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) төлем жүйесі бөлімшесіне (бұдан әрі - бөлімше) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес күнделікті есеп жасау және беру тәртібін айқындайды.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

2. Әрбір клиринг ұйымы есеп ақпаратын бөлімшеге төлем жүйесіндегі ақпарат беруге қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес беріп отырады.

3. Әрбір клиринг ұйымы есеп ақпаратын таза позициялар бойынша түпкілікті есеп айырысу жүргізілгеннен кейін күнделікті Ұлттық Банк айқындаған электронды арна арқылы есеп беріліп отырған күннен кейінгі күні Алматы

уақыты бойынша сағат 9-дан кешіктірмей береді.

Ескерту: 3-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 123 қаулысымен .

2-тарау. Аймақтық клиринг ұйымдары беретін күнделікті есепке қойылатын талаптар

4. Клиринг ұйымдарының бөлімшеге беретін күнделікті есебінің форматы Қазақстан Республикасының төлем жүйесіне ақпарат беруге қойылатын талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5. Клиринг ұйымы күнделікті есептің форматын қалыптастырған кезде (N 1, 2 қосымшалар) күнделікті берілетін ақпарат саны және сомасы (цифрлар) оң жақ бойынша теңестіріледі, ал берілетін мәліметтерде тиынмен көрсетіледі.

6. Клиринг ұйымының операциялық күн ішіндегі мәліметтерде жалпы алғандағы клиринг ұйымы бойынша да, жеке алғандағы банкаралық клирингке қатысушылары бойынша да ақша айналысы жөніндегі ақпарат болуға тиіс (N 1 қ о с ы м ш а) .

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен .

7. Клиринг ұйымына төлемдердің өтуі туралы мәліметтер сома интервалдары бойынша осы Ереженің N 2 қосымшасында көрсетілген алғашқы және соңғы интервалдарға сәйкес келуі тиіс.

8. Клиринг ұйымын бағдарламалық қамсыздандыру Ұлттық Банктің нормативтік құқтық актілеріне сәйкес төлем белгілеу кодтары бойынша төлем тапсырмаларын жіктеуді қамтамасыз етуге тиіс.

9. Клиринг ұйымын бағдарламалық қамсыздандыру валюталау күндері бойынша төлем тапсырмаларын өндеуді қамтамасыз етуге тиіс.

10. Клиринг ұйымының операциялық күні ішіндегі банкаралық клирингке қатысушылар транзакцияларының саны бойынша айналыстар толық түрде с а н м е н к ө р с е т і л е д і .

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен .

11. Клиринг ұйымының операциялық күні ішіндегі банкаралық клирингке қатысушылар төлемінің сомасы бойынша айналыстар санмен тиынмен к ө р с е т і л е д і .

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен .

м ұ н д а ғ ы ,

((- файлдың басталу белгісі, 1-позициядан бастап 2 символ
XX - облыс коды, 3 позициядан бастап 2 символ
ДД.ММ.ГГГГ - күні, 6 позициядан бастап 10 символ

Банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымның (бұдан әрі - банк) банктік бірегейлендіру
коды (банкаралық клирингке қатысушы) 1 позициядан бастап 9

с и м в о л

Егер 0 болса - барлық қалған банктер сомасы ретінде
е с е п т е л с і н .

B - Банктің бірыңғай банктік коды (клирингтің негізгі
қатысушысы) 11 позициядан бастап 9 символ
KAB - A банкінен B банкіне жіберілген құжаттар саны, 20
позициядан бастап 7 символ
SAB - A банкінен B банкіне жіберілген құжаттар сомасы
(тиынмен), 27 позициядан бастап 18 символ
KBA - B банкінен A банкіне жіберілген құжаттар саны, 45
позициядан бастап 7 символ
SBA - B банкінен A банкіне жіберілген құжаттар сомасы
(тиынмен), 52 позициядан бастап 18 символ

)) - файлдың аяқталу белгісі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
1 9 9 9 ж ы л ғ ы ш і л д е д е г і
N 1 5 8 қ а у л ы с ы м е н б е к і т і л г е н
К л и р и н г ұ й ы м д а р ы н ы ң к ү н д е л і к т і
е с е п ж а с а у ж ә н е б е р у е р е ж е с і н е
N 2 қ о с ы м ш а

Ескерту: 2-қосымша өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003
жылғы 16 сәуірдегі N 123 қаулысымен .

**Клиринг ұйымы бойынша бір күн ішінде сома интервалдары
бойынша төлемдердің өтуі туралы есептің
клиринг ұйымы ұсынатын форматы**

((X X Д Д . М М . Г Г Г Г
A B K S
))

м ұ н д а ғ ы ,

((- файлдың басталу белгісі, 1-позициядан бастап 2 символ
 XX - облыс коды, 3 позициядан бастап 2 символ
 ДД.ММ.ГГГГ - күні, 6 позициядан бастап 10 символ
 А - соманың алғашқы интервалы 1-позициядан бастап 18 символ
 В - соманың соңғы интервалы 19-позициядан бастап 18 символ
 К - соманың осы интервалындағы өткізілген құжаттар саны
 37-позициядан бастап 7 символ
 S - соманың осы интервалындағы өткізілген құжаттар сомасы
 44-позициядан бастап 18 символ
)) - файлдың аяқталу белгісі

1 - м ы с а л .

((3 2 1 6 . 0 4 . 1 9 9 9

0	1000000	1805	624992242
1000001	2000000	471	689482706
2000001	3000000	277	696453763
3000001	4000000	150	524814446
4000001	5000000	134	608107760
5000001	6000000	62	345743708
6000001	7000000	52	339784007
7000001	8000000	65	495020211
8000001	9000000	39	333176510
9000001	10000000	74	724780346
10000001	20000000	218	3172830793
20000001	30000000	122	3100468984
30000001	40000000	52	18110906713
40000001	50000000	42	1949063537
50000001	60000000	21	1155017533
60000001	70000000	21	1377032096
70000001	80000000	18	1361124198
80000001	90000000	8	699395708
90000001	100000000	18	1774458150
100000001	1000000000000	46	7369782448

))